



Жалағаш жаршысы

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Акция

Таза Қазақстан: 300 түп көшет егілді

«Жердің көркі – тал, артыңда мал қалғанша тал қалсын» деген нақыл сөз бар. Сол талдың, жасыл-желектің мәнін түсіндіріп жату да артық шығар. Ел сол ағаштың, орманның саясынан пана тауып жатса, «жері жерұйық екен» дейміз. Әрине, ол жақсылық қоғамға байланысты. Табиғатын күтпесе, ел байлығынан айырылады. Ал халқы сол жасыл-желегіне, орман-тоғайына қамқор болса, ондай елдің көк көрпесі кеңейе түседі.

Өткен сенбіде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, сондай-ақ «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында аудан орталығында ағаш отырғызу акциясы өтті. Іс-шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов, аудандық мәслихат депутаттары, еңбек ардагерлері, этнос өкілдері, ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары мен ерікті жастар қатысты. Акцияда орталық алаң аумағына 300 түп көшет егілді. Аудан әкімі бұл шара тек табиғатты көркейтуге бағытталған экологиялық бастама емес, бірлік пен ынтымақтың нақты көрінісі екенін атап өтті. Сонымен қатар аудан тұрғында-



рын қоршаған ортаны қорғау және экологиялық жауапкершілікті арттыруға шақырды. – Істің басы – ниет. Ниет болса, тақыр жерді де гүлдөндіруге болады.

Бүгінгі тағылымды шара, яғни тал егу жұмысы арқылы жас ұрпақтың табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындырудамыз. «Таза Қазақстан»

республикалық экологиялық бағдарламасының өңірлік жоспары аясында ауданда көшенді жұмыстар атқарылуда. Кентте, ауылдық елді мекендерде көшелер абаттандырылып, ойын алаңдары мен скверлер салынуда. Жақында «Руханият» орталығы, спорт көшені, тұрғын үйлер құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілді. Таң және өзге де ауылдарда көшелер абаттандырылып, жарық жүргізілді. «Таза Қазақстан» – жай ғана сөзбілік емес, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жүйелі әрі маңызды қадам. Қоршаған ортаны таза ұстау – әр азаматтың борышы, ал атаналардың осы бағытта белсенді үлгі көрсетуі жас ұрпақтың туған жеріне деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Әрине, «Таза Қазақстан» акциясы өз жалғасын табады. Әрбір тұрғын қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қосып, туған өлкеміздің экологиялық ахуалын жақсартуға атсалысады, – деді аудан басшысы.

Іс-шара соңында аудан әкімі егілген көшеттерге күтім жасау, аяқсудың үздіксіз берілуін қамтамасыз етуді тиісті сала басшыларына тапсырды. Айта кетейік, «Таза Қазақстан» акциясына 3,8 млн-ға жуық адам қатысқан. 1,5 млн тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,2 млн-дан астам көшет егілген. Сондай-ақ «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» акциясы аясында еліміз бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды.

Бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды.

Былтырдан бастап кентте көркейту-көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу үшін кент әкімі аппараты жанынан «Жалағаш қызмет» КММ құрылған. Аталған мекеме арқылы арықтар қазылып, қажетті жерлерге жаңадан құбырлар орнатылды. Құраған ағаш талдар мен бұтақтар кесілді, өңір қоқыстан арылууда. Қоқыстар көліктерге тиеліп, арнайы орынға тасымалдануда. Былтыр 8470,5 тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылған.

Жалпы кенттегі 71 көшеде 1205 жол белгілі орнатылған. Жол белгілерін күтіп ұстау, тозғанын жаңалау, бағаналарын сырлау жұмыстары да күн тәртібінен түскен емес. Ал жол жүрісін реттеу үшін 4 көше қиылысына бағдаршам қойылды. Сонымен қатар аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес 18 жерге бейнебақылау камерасы, 7 жылдамдық өлшегіш құрылғысы орнатылған.

Тағы бір жақсы жаңалығымыз бар, алдағы уақытта кенттегі орталық алаң жөнделеді. Бүгінде қайта жаңғырту жобасының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өтті. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім жолданған.

Ж.АРЫН

Еңбек адамы



Әке жолын қуған ұл

Он жылдық тәжірибе оны жұмыссыз қалдырмады, оның үстіне қазір жұмысшы мамандықтар сұраныста, ал дала жұмысында майталман механизатор – таптырмас маман. Бұл сөзімізді Мақсат Мұхамедқалиұлының еңбек жолы қуаттай түседі. Он жылда ол қаншама шаруашылықта жұмыс істеді, бұны тұрақсыздық деу қате болар, өйткені Мәкең – жас та болса тәжірибелі маман. Сондықтан еңбек адамын жергілікті шаруашылықтар таласа жұмысқа шақыруда.

Кейіпкеріміз бүгінде ең алғаш жұмысқа орналасқан шағын өлі де ұмытпаған. «Егінің баласы арық қазып ойнайды» деген сөз осы Мәкеңе қаратып айтылғандай. Әкесі Данмұрын Мұхамедқали – осы салада өзінің қолтаңбасын қалдырған білікті маман. Тіпті Мақсаттың ауыл шаруашылығына келуіне де асқар тау әкесі себепкер болған. Данмұрын Мұхамедқалиды Бұқарбай батырда білмейтін адам жоқ. Иә, ол адал еңбегімен елдің аузында жүрген азамат. 1988 жылдан бері техника тізгіндеген майталман механизатор баласын да трактор айдауға бейімдейді.

Қасына көмекші қылып жұмысқа алып, техника тізгіндеудің қыр-сырын үйретеді. Қазір әкеден жиган тәжірибе оған азық болуда. – Әкем – ауылда ең алғаш мол өнім жинауда чемпион болған азамат. Қазір сол кісінің ізін басып келемін. Шүкір, әкемнен біраз тәжірибе көріп отырмын. Ауылдық жерде жұмыс табу қиын ғой, бірақ мен соңғы 5 жылдықта өшкірмен алдына жұмыс сұрап барған емеспін. Керісінше шаруашылық басшылары өздері іздеп келеді, – дейді ауыл еңбеккері.

Мәкең алғаш еңбек жолын 10 жыл бұрын «Шағырай» шаруа қожалығында бастаған. Ол кездегі қиыншылықты көзінде қандай бейнетпен өңсегені белгілі ғой. Бастысы, бүгінде соның барлығын күліп еске алады. Осыдан 10 жыл бұрын заманауи техникалардың енді қолданысқа енген кезі, бірақ Мақсат жұмыс істейтін шаруашылықтың ол кезде техникалық базасы 80-85 пайыз көне техникаға толған. Оның бір сөзі бізге үлкен ой салды, «не нәрсені де қиыннан бастау керек» дейді майталман механизатор.

Жалғасы 2-бетте

Тарих



Екі майданның ері

Жеңіс күні жақындаған сайын кезінде көзін көрген, сыйласқан майдангер ағалар еріксіз еске түседі. Сол жылдары дүние келіп, майдангердің баласы атанған біз батыр тұлғалы майдангерлерге ерекше құрметпен қарап, олардың соғыстағы жан беріп, жан алысқан ерлік жолын қызыға тыңдайтын едік. Ауылдастары «батыр Боқан» атап кеткен майдангер ағамыз Боқан Сүлейменовтің өнегелі өмір жолы да – бүгінгі буынға өнеге.

Ол 1923 жылы қазіргі Бұқарбай батыр ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ауыл мектебінде хат танып, колхозда әртүрлі жұмыстар атқарды. Ұлы Отан соғысы басталғанда колхозшы Боқан 1942 жылы қыркүйекте Қармақшы әскери комиссариаты арқылы майданға аттанды. Украина майданының құрамындағы №75 гвардиялық дивизияның 231 полкінің құрамында ұрыс даласына өнеді. Батыс өңірлерді жаудан азат ету шайқастарына қатысты.

Бөкең ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетіп, құрама командирлерінің сөнімінен шыға білді. Оның ерлігі жазушы Константин Симоновтың «Разные годы войны» атты кітабында жазылған. Кезінде Кеңес одағының қорғаныс министрі Греко әр жылдары Жеңіс күні қарсаңында құттықтау хатын жолдаған. Бөкеңнің соғыстағы ерлігінен хабардар біз басымыз қосылғанда батыр Боқан Сүлейменовтен соғыстағы ерлік істерін айтып беруін сұрайтын едік. Майдангер «қайсыбірін айтатын» деп өңгімесін бастап кететін.

Бұл 1943 жылдың күзі болатын. Жаңа күштермен толыққан қызыл армия жауды тықсыра қуып, Украина жеріне аяқ басқан кезіміз еді. Соғыстың от жалынан өтіп, «сақа солдат» болып жауынгерлік өмір күнделікті тіршілікке айналған шақта полк штабына шақырған командир Коломийцевке үш жігіт келді. Ол бізге «Соң» өзенінен жауды бақылап, ілгері жібермеуді міндеттеді. Екі орыс жігітмен өзенге салынған көпір көрінетін жерге бекініс салдық. Оқ-дәрі, жарылғыш заттарды ыңғайлап, алға қарап жатырмыз. Міне, тұс қайта өзеннің екінші жағынан неміс танкілері мен жаяу әскер келе бастады. Деревіштермен байланысып, көргенімізді баяндадық, олар мықты болуды тапсырды. Өздерінше өлденелерді айтысып, карталарына қарап алған фашистердің «жолбарыстары» бергі бетке жылжыды. Тығылып жатқан бізге тура келеді. Қолыма гранатаны қысып ұстап, біресе бұғып, біресе кеудені көтеріп, шынымен-ақ қарсы келе жатқан ажалға сөксеңе қарағандаймын. Қасындағыларға көзім түсіп кетіп өлді, соғыс демін елі татып үлгімеген жаңадан келген жас солдаттар ыңғайсыз күйде екен. Олардың түрін көріп, өз-өзіме қайрат бере жақындап қалған бір «жолбарысқа» граната ұрдым. Танк жақындап қалды. Деревіштермен байланысып, бұным бекіген сияқты. Сөйткенше екінші танк біз жатқан окоптың үстінен баса көктеп ілгері өтті. Үстінде солдаттар оқты сеуіп келеді. Артынан граната лақтыруға әрекет еткенде ол кілт бұрылды. Көлдөңдеген танкіге қос гранатаны бірден жібердім. Жер-дүние жаңғырып кетті. Етпеттеп құлаған мен бірте-бірте басымды көтерсем, айнала тыныштық құшағында, қос танк екі қапталда бықсып жатыр. Он бестей фашист серейіп қалыпты. Қараңғыны пайдаланып полкке оралдық.

«Бірінші дәрежелі Отан Соғысы» ордені Боқан Сүлейменовке осы ерлігі үшін берілді. «Красная звезда» газеті «Ол екі тигр, 15 гитлерші жойды» деген тақырыпта көлемді мақала жазды. Сол бірінші Украин майданының құрамында Калинин, Дондағы Ростов, Смоленск қалаларын жаудан тазартуға қатысты. Бөкең Курск шайқасындағы қиындықтар да басынан өткізген. Гомель қаласы үшін болған ұрыста командирдің ерекше тапсырмасын ерлікпен орындағаны үшін он бес күндік демалыс алып, көшпелі демалыста үйінде болған.

Ол қызылордалық Нағи Ильясовпен кездеседі. Демалыстан оралған Бөкең үнемі алғы шепте болған. Майдан жолын жалғастырған ол 1943 жылдың күзінде Дунай өзенінен өту кезінде жаңқиярлық ерлігі үшін «II дәрежелі Отан Соғысы» орденімен марапатталған. Сержант Б.Сүлейменов Украинаның елді мекендерін фашист басқыншылардан босатуға алғашқылардың бірі болып қатысқан. Житомир қаласын жаудан босатудағы шайқаста қала екі рет қолдан-қолға өтіп, екі жақ та орасан шығынға ұшыраған. Осы бір шешуші сәтте сержант Б.Сүлейменовке жаудың миномет ұсынсын жолы тапсырылды. Орағытып, жербауырлап сыртына өтіп алған Боқан күтпеген жерден соққылап, жау минометінің үнін өшіреді. Ротаға жол ашып, алға жылжуына жағдай жасайды.

«Осы тұста бір қызық оқиға болды. Бір үлкен ауылды кескілескен шайқаспен жаудан босатып, полк штабына қажетті үй іздеп, көшелерді көзіп кеттік. Үйлердің сау тамтығы қалпамаған, өртенген, қираған. Шеткі бір үй бүтіндеу екен. Үй иесі отыздың ортасындағы украин әйелі қарсы алды. Қасында 4-5 жастағы ер бала бар. Үйі таза, екі бөлмелі. Полк командирі Кеңес одағының батыры, полковник Коломийцев осында келді. Ол төр бөлмеде, ауызда біз. Үй иесі ас қамымен сыртта жүр. «Біз папаның» дедік балаға. Ол бізге сәл түсініксіздеу украин тілінде быдырлап сөйлеп кетті. Арасында қайта-қайта: – Бізде папа көп, бізде папа көп, – дей берді. Бұл сөзін жиі қайталайды. Бұдан бір сағат бұрын осында фашистер тұрған екен. Ойланып қалдық, бала үйдегі жертелеге қарай беретін сияқты. Полковникке хабарладық, дереу әйелді шақырып, жертелені ашуды бұйырды. Өңі бұзылып, қолы қалтыраған әйел өзгергенді кілті ұстатты. Жертелге іші кішігірім бөлмедей. Автоматтарын сүйей салып, самағонға тойып алып, сұлап жатқан фашистер. Барлығы жеті жөндет. Судан шыққан суырдай сүмірейіп қолға түсті. Сатқын әйелмен қоса оларды армия штабына жөнелтіп, баланы полк баласы етіп қабылдадық. Міне, соғыста ойламаған тосын жағдайлар да болып тұратын» деген еді Бөкең.

Боқан Сүлейменов 1942 жылы қыркүйектен бастап 1946 жылдың күзіне дейін майданда болды. Үш рет жараланып, жарақаты жазылар-жазылмастан қайтадан өз полкіне оралып отырды. Оның Орел-Курскіден басталған жауынгерлік жолы Молдавия, Белоруссия, Украина жерін жаудан тазартып, Румыния, Австрия, Польшадан өткен соң Чехословакияда аяқталды. Майдан даласындағы ерлігі ескеусіз қалмады, «I және II дәрежелі ҰС» орденімен «Будапешті алғаны үшін», «Венаны алғаны үшін», «1941-1945 жылдары ҰС-да Германияны жеңгені үшін» және «Ұлы Жеңістің 20, 25», «КСРО қарулы күштерінің 50, 60» жылдық мерекелік және «Лениннің 100 жылдық» мерекелік медальдарымен марапатталған.

Елге аман-сау оралған Бөкең соғыстың салдарынан тұралаған колхоз шаруашылығын өркендетуге белсене кірісіп, Карл Маркс, кейін Калинин атындағы кеңшардың ыстық-суығын көтеріп, еңбек етті. Комбайнмен егін жинады, ұзақ жыл мал бағып, шаруашылықтың экономикасын өркендетуге үлес қосты. Құлпара аламен бас қосып, ұрпақ өсірді. Сол ұрпақтары бүгінде жеке-жеке үй болып, елдің ертеңіне қалтқысыз қызмет етуде. Екі майданның ері атанған Бөкең құрметпен еңбек демалысына шығып, әулеттің қазыналы қариясы болып, 2000 жылы дүниеден өтті. Бірақ оның ерлігі ел жадында мәңгі сақталады.

Рысбай КӘРІМОВ,
еңбек ардагері

Мәжіліс

Ардақ Ибраимов, аудан әкімі:

Дайындық бүгіннен басталуы керек

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен жылу беру маусымының қорытындысы бойынша мәжіліс өтті. Онда 2024-2025 жылғы жылу беру маусымында атқарылған жұмыстарға баға беріліп, алдағы маусымға дайындық барысы пысықталды.

Аудан басшысы алдағы жылу беру маусымына осы кезден дайындықты бастау қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ ол әрбір тапсырмаға жауапкершілікпен қарап, нақты жұмыс атқару керектігін тілге тиек етті.

Айта кетейік, 2024-2025 жылдардағы жылу беру маусымына аудан бойынша қатты отын қажеттілігі 11 573 тоннаны құрайды. 100 әлеуметтік және бюджеттік нысанға сұйық отын қажеттілігі 1 762 тонна, қатты отын қажеттілігі 2573 тонна, аудан тұрғындарына қажеттілік 9000 тоннаны құрады.

Ауданда 81 әлеуметтік нысан бар, мұнан бөлек 19 мемлекеттік мекеме тағы бар. Әлеуметтік нысандардың 28-і сұйық отынмен, 37-сі қатты отынмен, 14-і газ отынымен, 2-еуі электр қуатымен жылытылады.

Былтыр шілде айынан бастап жеке кәсіпкер «Дүйсебаева» 5330 тонна (76 вагон), «Олжас-2005» ЖШС темір-жолмен 630 тонна (9 вагон), жеке кәсіпкер «Нурманов» теміржолмен 210 тонна (3 вагон), жеке кәсіпкер «Қырмызы» арқылы автокөлікпен 5664 тонна қатты отын жеткізілді. Яғни ауданға өткен маусымда барлығы 11834 тонна (131.4 пайыз) қатты отын келген.

2024-2025 жылдардағы жылу маусымына дайындық пен оны өткізуді үйлестіру жөніндегі аудандық штаб құру, ауданның өндірістік және әлеуметтік сала нысандарын жылу маусымына дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары аудан әкімінің 2024 жылғы 15 мамырдағы №185 өкіміне сәйкес бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізілген. ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №85 бұйрығымен бекітілген «Энергия өндіруші, энергия



беруші ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларына» сәйкес әзірлік паспорттарын алуға құжаттар қабылданып, барлық нысандар әзірлік паспортын алған. Ал аудан әкімінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі №146 өкіміне сәйкес

Жалағаш ауданы бойынша жылу беру маусымы тоқтады. Енді алдағы маусымға дайындық басталады.

Айдана НАЗАРБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың
4-курс студенті

Акция

Таза табиғат — болашаққа аманат

Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме қызметкерлері аудан аумағында «Таза су айдындары» табиғат қорғау акциясын өткізді. Тағылымды шараға Арал-Сырдария облысаралық балық шаруашылығы инспекциясының, Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің және «Евразия Строй COMPIEST» компаниясының мамандары қатысты.



Экологиялық іс-шарада Серкеш, Балтажарған және Жетіарал көлдерінің маңында тазарту жұмыстары жүргізілді. Акцияға 4 арнайы техника жұмылдырылып, нәтижесінде 200 келіге жуық тұрмыстық қалдықтар жиналып, тиісті қоқыс төгетін орындарға жеткізілді.

— Мақсатымыз табиғатты сақтау, су айдындарын тазарту арқылы экожүйені қорғау және қоршаған ортаға

деген жауапкершілікті арттыру болып табылады. Мұндай акциялар болашақ ұрпақ үшін су айдындарымыздың биоалуантүрлілігін сақтау үшін үлкен маңызға ие. Біз су айдындарын иесіз балық аулау жабдықтарына, жағалау аумақтарындағы қоқыстардан тазартық. Әрине, бұл ісіміз сөзсіз қоршаған ортаға көп пайда әкеледі. Барлықтарыңызды су объектілерінде,



балық ресурстары мен басқа да су жануарларының тіршілік ету орталарында тазалықты сақтауға шақырамын, — дейді Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің қызметкері Талғат Тоқтарұлы.

Шыны керек, қоғамда табиғатқа жаназырлық өте төмен деңгейде. Мәселен, табиғат аясына демалуға барсақ, серуендесек, өзіміздің пайдаланған заттарымызды қоқыс ретінде тастап жатамыз. Әрине, әрбір қоқыстың табиғатқа әкелетін зардабын біз біле бермейміз. Осы жағдайда ең болмаса өзіміз жүрген жерлерді қоқыстан тазартып, ерекше қамқорлық жасай білсек, дұрыс болар.

Айта кетейік, дүниежүзілік табиғат қорының мәліметінше, әр сағат сайын жер бетінен үш жануар, күн сайын флора мен фаунаның 70 түрі жойылады екен. Тек кейінгі 25 жылда жер бетіндегі биоалуандылық 3 есеге қысқарып, жалпы алғанда 34 мың жануар мен өсімдік жойылып кету алдында тұр. Сондықтан табиғат үшін мұндай шаралардың маңызы зор. Жойылып кету қаупі төнген жануарларды қорғауда Қазақстанның «Қызыл кітабы» маңызды рөл атқарады.

Айдана НАЗАРБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың
4-курс студенті



да бар. Оның шаруашылықта құлықсыз жұмыс жасауға да жақысы жоқ, себебі өкесінің ауыл шаруашылығы саласында қалдырған қолтаңбасы бар. Өзі де бұлдан сол кісідей білікті маманға айналды. Қазір бізде жас мамандар көп, оның бірі — Мақсат. Иә, ол — өзі жас болса да еңбекте тәжірибелі, көнігі маман, сонысына қызығып

жұмысқа алдық, қазір бұл шешіміме еш өкінбеймін, — дейді төраға.

Мекең өз жұмысын шабытпен жасайды, басышылық та онысына құрметпен қарап отыр. Артылған сенімді ақтап, адал еңбек ететін осындай жастар қай салаға да қажет.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ
Басы 1-бетте

Әке жолын қуған ұл

— Не нәрсені де қиыннан бастау керек, олай дейтінім, бұрын шаруашылықта барлық күнін қайнаған жұмыспен өтетін, сала жұмысы өте ауыр. Азанның кешке дейін шаңның ортасында жүреміз, техниканың жүруінен тұруы көп. Сонда өкеме таңқаламын, бұзылған келікті іске қосуда бүкіл жұмысты маған айтып отырып жасатады. Сол кезде сәл іште реніш болған, мәнін енді түсініп отырмын. Шындағында, ол кісі маған жұмыста балам деп қараған жоқ, керісінше тек көмекші ретінде тәрбиеледі. Оның әрбір айтқан ақылы бүгінде маған азық болды, — дейді кейпкеріміз.

Кез келген механизатор мол өнім жинауда чемпион болмасы анық, міне, үйдегі, түздегі бала тәрбиесіне қарап Данмұрын Мұхамедқалидың қандай адам екенін, оның беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы — 6181 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру — 500 теңге, ішкі беттерде орналастыру — 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте — 300 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrbuy@yandex.kz, kvostavits@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін — 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылды, әр қосымша фото — 200 теңге.

еңсереді, тіпті баяғыдай шаң-тозаңның астында жүрмейді. Себебі оның азынан кешке дейін жұмысы техниканың ішінде өтеді. Ал қазіргі техниканың қалай жаракталғаны айтпаса да түсінікті, ішінде салқындатқыш, былғары салон, сыртқы дыбыс ішке мүлде естілмейді, дала төсінде емес, тура жеңіл көлікпен айнадай тегіс жолда сапарға шыққандайсың.

Иә, ол өкесінің ізін басып, осы салаға келгеніне мүлде өкінбейді, керісінше қуанады. Қазір Мақсат аяқсу келетін арықтар мен каналдарды ретке келтіріп, диқандардың жаздай еркін күрішін баптауға жұмыс жасап жатыр. Ал күзде комбайнға отырады. Быыл ол ауылдағы «Ахон» шаруа қожалығына жұмысқа түрді. Төраға Ақылбек Мейрамбекұлы да оның жұмысқа жауапкершілігі, табандылығын жоғары бағалап отыр.

— Шүкір, осы еңбеккерлердің арқасында алдағы науқанда мол өнім аламыз. Барлық мекеміз осы, соған бүгіннен дайындықты бастап кеттік. Әрқайсысы өз ісінің көнігі маманы десе де болады. Соның ішінде Мақсат Мұхамедқалиұлы

2. Баннер 200 x 1180 px — 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px — 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) — 15000 теңге Stories — 10000 теңге

TikTok: Video — 15000 теңге Stories — 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) — 10000 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1334 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы — 2850 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру — 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру — 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте — 180 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің zhagalagash-zharsyusy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін — 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылды, әр қосымша фото — 200 теңге.

мақала + 3 фотоға дейін — 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылды, әр қосымша фото — 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px — 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px — 8000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) — 10000 теңге Stories — 10000 теңге

TikTok: Video — 10000 теңге Stories — 8000 теңге Facebook: Post (video, photo) — 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелер күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kuzylorda-news.kz» ақпарат агенттігінің кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2025 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kuzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін — 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылды, әр қосымша фото — 200 теңге.

2. Баннер 200 x 1180 px — 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px — 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) — 15000 теңге Stories — 10000 теңге

TikTok: Video — 15000 теңге Stories — 10000 теңге Facebook: Post (video, photo) — 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсынған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мерекелер күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Аудан әкімдігінде оқушыларға арналған ашық есік күні өтті. Аудан мектептерінің дарынды оқушылары аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың қабылдауында болып, ашық пікір алмасты.

Аудан әкімі оқушылармен жүздесті



— Құрметті жас достар! Болашақ сіздердің қолдарыңызда. Ертеңгі ел тізінін ұстайтын көшбасшы азаматтар сіздердің араларыңыздан шығатынына көміл сенемін. Мұндай игі шаралар — сіздердің мемлекеттік басқару жүйесіне деген қызығушылықтарыңызды арттырып, болашақта елге қызмет ету жолындағы мақсаттарыңызға тың серпін беретіні сөзсіз. Сіздерге зор сенім артамыз! Мамандықты қателеспей таңдап, болашаққа нық қадам басуларыңызға тілектеспін. Оқуда озат, өмірде талапты болындар, — деді А.Ибраимов.

Іс-шарада оқушылар аудан әкімімен еркін форматта әңгімелесіп, естелік суретке түсті. Сонымен бірге озат оқушылар мен дарынды жастар аудан әкімі аппаратының жұмысымен танысып, әкімдік құрылымы мен мемлекеттік қызметшілердің атқаратын қызметтері туралы мағлұмат алды.

Гүлсезім АУҒАН,
Қорқыт ата атындағы
ҚУ-дың 4-курс студенті

Сақтансаң, сақтайды



Судағы қауіпсіздікті қатаң сақтаған жөн

Жаздың аптап ыстығында көпшілік демалысты су жағасында өткізуді жөн көреді. Алайда демалыстың қауіпсіз өтуі әр адамның жауапкершілігіне байланысты екенін ескере бермейді. Су айдындарында орын алатын қайғылы оқиғалардың басым бөлігі қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан болады.

Негізгі қауіптер мен олардан сақтану жолдарына көлсек, бірқатар талап-ережелерді тарқатуға тура келеді. Мәселен, арнайы жабдықталмаған жерде шомылмаған жөн. Көп жағдайда адамдар рұқсат етілмеген қауіпті аумақтарда шомылып, өз өмірін қатерге тігеді.

Балаларды қараусыз қалдырмау керек. Балалар суға тез батып кетуі мүмкін. Сондықтан ересектер үнемі бақылауда ұстауы тиіс. Мас күйде суға түсуге тағы болмайды. Мұндай жағдайдың соңы көбіне адам шығынымен аяқталып жатады. Себебі алкоголь адамның есту, көру және тепе-теңдік қабілетін әлсіретіп, қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін. Жүзу құралдарын дұрыс пайдаланыңыз. Үрлемелі матрацтар, камералар құтқару құралы емес. Ағыс алып кетсе, олар көмектесе алмайды. Суық суға көнеттен түспенді. Денеге салмақ түсіп, жүрек ұстамасына әкелуі ықтимал.

Егер суға батып бара жатқан адамды көрсеңіз алдымен 112 нөміріне хабарласыңыз. Құтқарушылар келіп жеткенше, өз қауіпсіздігіңізді сақтай отырып, көмек көрсетуге тырысыңыз. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда әкімшілік шара көрілетінін ескертеміз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

2025 жылғы 18 мамырға тағайындалған Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты сайлау учаскесінің шекаралары

№138 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, "Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының "Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекарасы: Бұқарбай батыр ауылы.

Границы избирательного участка по выборам акима сельского округа Бухарбай батыр, назначенных на 18 мая 2025 года.

Избирательный участок №138

Местонахождение: сельский округ Бухарбай батыр, село Бухарбай батыр, улица Бухарбай батыра №21, здание коммунального государственного казенного предприятия "Сельский Дом культуры Бухарбай батыр" аппарата акима сельского округа Бухарбай батыр.

Границы: село Бухарбай батыр.



Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны болады. Бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өзінше бағалап жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлғасы. Осы тұрғыдан алғанда ел жадында өзіндік болмысымен, елге еткен қалтқысыз қызметімен дараланып тұратын жандар болады. Сондай жанның бірі туған ауыл топырағын түлету жолында ұтқыр ұйымдастырушылығымен ел есінде ерекше тұлғаланып тұрған жан Кенжебек Оспанов болатын.

ЕСІМІ ЕЛДІН ЕСІНДЕ

Ол 1912 жылы Жалағаш ауданының топырағында туып, нақтырақ айтқанда, бұрынғы «Қазақстанның XX жылдығы» колхозында, қазіргі Мырзабай ахун ауылында дүниеге келген. Ата-анасынан үш жасында бауыр жазып қалып, қиын күндерді бауырларымен қатар өткізген ол еңбек майданына ерте араласты. 1930-1935 жылдары колхозда қарапайым жұмыстан бастап, өндіріс бригадирі (1935-39 ж.), колхоз есепшісі (1939-1942 ж.) болып жұмыс атқарды. Ал 1942-1946 жылдары Кеңес армиясының қатарында болып, Ұлы Отан соғысына қатысып, ерен ерліктің үлгісін көрсетті.

Атпал азамат ел қатарлы қолына қару алып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп, елге оралғаннан кейін де еңбекке араласты. 1946-1947 жылдары қайтадан колхозда қарапайым жұмыстан бастап қойма меңгерушісі, қой фермасының бригадирі, 1952-1953 жылдары Жалағаш аудандық су шаруашылығында жұмыс жасады.

Қашанда өзіне жүктелген әрбір істі ынта-жігерімен орындауды мақсат тұтқан жан білімін жетілдіру мақсатында 1953-1954 жылдары Шымкент қаласындағы Ауыл шаруашылығы училищесінде 3 жылдық білім алып, агроном мамандығын алып шығады. 1958-1959 жылдары білімін шыңдап келісімен ауылға агроном болып сайланды.

Жасыратыны жоқ, соғыс жылдарынан кейінгі тұста ауылдағы халық ру-ру болып түтіндерін бөлек-бөлек түтетіп, сай-сайды куалай қоныстанған болатын. Бұл колхоздастыру кезінде іріленіп, іргесін бекіткенімен қиюы қашқан шаруа оңға баспай тұрған кезең еді. Міне, ауылдың ахуалы осындай ауыр тұста Жалағаш ауданының бірінші хатшысы Байбол Солбеков ағамыздың ұсынысымен, обком хатшылығының бұйрығымен 1960 жылы 20 сәуірде Кенжебек Оспанұлы «Қазақстанның XX жылдығы» колхозының төрағасы

болып сайланды. Басшылық қызметке бекітілген күннен бастап Кенжебек Оспанов туған топырағын түлетуге, ыдырап кеткен елдің басын біріктіруге, ауыл халқының әл-ауқатын көтеруге белсене кіріседі. Халықпен жұмыс істеуде жауапкершілік те көбеіге түседі. Жатпай-тұрмай ізденеді. Елдегі әлдебір жаңалықты ауылға әкелуге ұмтылады. Естіген жақсылығын еліне жасағысы келеді.

Әрине, тұралаған шаруаны төрт аяғынан тік қою оңайға түспесі белгілі. Әйтсе де алғашқы айлардан-ақ ауылға жылы леп келді. Төрт бірдей тузу көше тартылып, иесіз қалған жерді шөңгелдерден тазартқызып, халықты көше бойына орналастыру, жұмыстарын жүргізеді. Бұл туралы Мырзабай ахун ауылының тұрғыны Төребек Тәуіпбайұлы ағамыз өз естелігінде былай деп жазған еді:

– Кенжебек ағамыз колхоз басшылығына сайланған күннен бастап екі бағытта – мал және егін ша-

руашылығын дамытуда жұмыс атқарады. Алайда ол үшін әр төбе бойын жайлап отқан елді бір ауылға ұйымдастыру керек болатын. Оларды көшіріп әкелуде колхоз тарапынан көмек жасалады. Ауданнан қажетті құрылыс материалдары жеткізіледі.

Осы тұрғыда айта кететін жайт, ол кезде жұмысты күні-түні атқаруға тура келді. Қанша үй салынса, соның алғашқы қазығын қағуға өзі қатысты. Түзу көшенің бойымен үйлердің қаз-қатар салынуын басты назарға алды. Сондай-ақ басшы ретінде Кенжебек ағамыз еңбекке ерте араласуының, жасынан ыждағатшыл болып қалыптасуының нәтижесімен алдымен талапшыл бола білді. Істің жайын, оны орындауға ыңғайлы адамды деп тани білді. Оған жауапты қызметкерлерді колхоз кеңесі арқылы ел ішінен сайлады. Осыған сәйкес құрылыс саласының прорабы болып Токтасын Әбдіреев сайланды.

Сонымен қатар сол тұста елді электр жарығымен қамтамасыз етуді қолға алады. Ауылға К-100 техникасын алдырып, әр көшеге электр бағаналарын жүргізіп, үйлерге толық жарық берілді. Алғаш электр моторларды іске қосқан Қасымбек Нұрмаханов, онан кейін Жұбаназар Ақбаләев болатын.

Кенжекеңнің тағы бір игі бастамасы «Жаңа жарма» каналын қайта жаңғырту жұмысы еді. Барлық қажетті құжаттарын жасатып, сол жұмысты жүргізуге де лайықты маман сайлайды. Өзіне жүктелген жұмысты абыроймен атқарып шыққан су саласының маманы Жаңаберген Ембергенов деген кісі болатын.

Кенжекең басқарған небәрі 4 жылдың ішінде ауылда техника саны көбейді. Бас инженер Тұрлыбек Қосанов, Султан Ізтаев, Тағайбек Сүйдіндікөтер басқарды. Осы жылдары ауылда алдыңғы қатарлы механизматорлар көп болғандықтан, жұмысшылар ауыл шаруашылығы көрмелеріне қатыса бастады. Арнайы мамандардың көп болуына байланысты колхоздағы өіс көлемі 450-500 гектарға артты. Бұл Кенжебек Оспанов ағамыздың елге еткен өлшеусіз еңбегі еді.

Азаматтық тұрғыдан келгенде Кенжебек ағамыз өте балажан болды. Бірде жас демей мені қасына өртіп жүріп, «Мәдениет» каналының арғы бетіндегі «Бөймен» каналының табанындағы жерлерді, сол кездегі Калинин, Еңбек колхоздарымен шекаралас жерлерді көрсетіп, «осы жерлер – біздің колхоздың жері» деп айтқаны бар еді. Кейін, бертін келе бұл жерлер жоғарыда аталған ауылдарға бөлініп кетті. Жалпы алғанда Кенжебек ағамыз еңбектің көзін тани білген және

сол көзді халқының игілігіне жұмсаған жан болатын – деп жазады Төребек Тәуіпбаев.

Иә, жоғарыда айтылғандай, сол тұста елдің еңсесі көтеріле бастайды. Колхозда мал шаруашылығы дамып, қой, сиыр, түйе басы арта түседі. Кейін қоян, үйрек, қаз асырау жұмыстары қолға алына бастаған. Малшылар күз, қыс мезгілдерінде Қызылға барып қыстайтын болды. Ал оларға қажетті жабдықтар алғашында түйемен жеткізіліп отыратын. Кейін оларға арнайы трактор, автомашиналар жеткізіледі.

Егін шарушылығына тоқталар болсақ, ол тұста шаруашылық көлемі өсіп қана қойған жоқ, оның өндіретін өнімі де артты. Әдепкі жылдары гектарынан 15-20 центнерден астық алынғанса, кейін 25-30 центнерден өнім ала бастайды. Осылайша аз уақытта ұжымдасқан халықтың маңдай тер еңбегінің арқасында ауыл ауданның алғы шебінен табылды.

Ауқымды жұмыстар жүргізуде, ұйымдастырушылық қабілетін жоғары деңгейде көрсете білген Кенжебек Оспанов – жастар жағын колхоз жұмысына тартуды қолға алды. Қабілеті бар жандарды тани біліп, оларды шоферлік-тракторшы курстарына арнайы жіберіп, маман болып шығуына көп көмектесті.

Осы тұрғыда еске түскен бір жайт бар. Жалпы алғанда атамды көрмегесін болар, ол туралы айтылған тұста құлақ түріп, елең ете түсемін. Бірде Қызылорда қаласында әйгілі Тұрмағамбет Ізтілеуовтің 125 жылдығында ақын Темірше Сарыбайұлы ағамызбен кездескен едім. Ол кісі де – осы Мырзабай ахун ауылының түлегі. Амандасып, жөн сұраған тұста, шыққан темгиді айттым. Сол кезде Темкен:

– Атаңды білемін. Колхозда қарамағында жұмыс жасағаным. Мінезі қатал, біртөкпей кісі еді. Қажет кезінде ақырын айтып та, батырып айтып та сөзін өткізетін. Бірақ қарапайымдылығынан айныған емес. Шөңділермен шөңдесе, бұқарамен біте қатына қызмет ететін. Кейін ауылдан қалаға оқуға кеттім. Институттың жатақханасында тұрып оқып жүрдім. Бірде жатақханадағы бөлмеме кезекші келіп, мені біреу төменде күтіп тұрғанын айтты. «Артымнан іздеп келген кім екен?» деп ойлап келе жатыр едім, төмен түссем, алдымда Кенжекең тұр. Несін жасырайын, көзіме жас үйіріліп, құшақтай кеттім. Маңдайымнан сипап, жағдай сұрады. Жауап бердім. Арқаннан қағып: – Мынау ауылдың дөмі, ауыз тиерсің, – деп ораулы түінді ұстатты да, «кереңге жұмсарсың» деп қалтасынан ақша алып, қалтама салды. Шынын айтсам,

кезінде көп жұмсайды деп, қатал деп ренжіп жүруші едім. Сол сәтте қатал Кенжекеңнің жұмсақ жан екенін сездім. Бұл оның жалғыз маған емес, ауылдан шыққан жастарға еткен жақсылығының белгісі еді, – деп айтқаны бар.

Кенжебек Оспанов 1967 жылы 55 жасында дүниеден өтті. Артында ел білетін өлшеусіз еңбегі, ұрпақтары қалды. Ол туралы әр жылдары жазылған естеліктер бізге жетті.

Жалағаш топырағынан шыққан Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспановтың «Тұтастар туралы толғау» атты өлеңінде:

XX жылдық Кенжебекті біледі, Қайтпас қара, қайсар еді жүрегі. Қаймықпайтын өз дегені болмаса, Ірілердің ағамыз да бірі еді. Қосылатың қол көтеріп дұрыс деп, Сәл түнеріп бұзылса егер іреңі. Жақын келсе, мейлі қыз, ұл болсын, Қасиеті қаршығадай іледі, – деп жазады.

Жоғарыда көрсетілген Төребек ағамыз Кенжебек Оспанов пен Мәрәлі Шәменов туралы былай дейді:

– Кенжекең колхоз төрағасы болған Мәрәлі Шәменов ағаларымызбен бірге тұспа-тұс жұмыс атқарған. Бірде осы кісі Кенжебек ағамыздың үйінде қонақ болғанын көрген едім. Жеңгеміз Тұрсынқұл өте қонақжай кісі болатын. Үйге келген кісінің аяқкіміне дейін тазартып, жайлы күтетін. Әдеттегідей дастархан жаюлы. Екі колхоз басшысы бір-бірімен тәжірибе алмасқандай, жетістіктері мен кемшіл тұстары туралы ой бөлісті. Кенжекең, осындай кісілермен терезесі тең жан еді, – дейді ол.

Айта кету керек, жұртын бір ауылға жинап, қарағайдай үй салып, көше түзеп, жарық жүргізіп, кішігірім салғызған қалашығы өлі ауылдастарының құт мекеніне айналып отыр. Ауыл шаруашылығы саласының алғашқы сатысынан бастап, колхоз басшысына дейін көтерілген тұлғаның өсімін күлдір де туған ауыл халқы елеусіз қалдырмады. Біз соған қуанамыз. Ел болып ескеріп, ұсыныс білдіріп, аудан, облыс басшылығы бірлік қолдап, бүгінгі Мырзабай ахун ауылындағы кезінде өзі салған төрт көшенің бірі Оспанов Кенжебек атымен аталады. Ердің еңбегін елі ескергені осы болар бәлкім.

Жалпы алғанда біз өз шамамызша Кенжебек атамыз туралы сөз қозғадық. Игі істердің бастамашысы бола білген жан туралы айтылар естеліктер де аз болмайтыны анық. Алдағы уақытта жаз көрген жандардан да естелік жазылып, баспасөз беттерінде басылар.

Алмат КЕНЖЕБЕКОВ,
ҚР ЖУРНАЛИСТЕР
одағының мүшесі

Тарих



Мәуелі бәйтерек

Біздің аудандағы Жаңашевтар отбасымен туыстық жақындығымыз бар. Менің әкем Ұлы Отан соғысының мүгедегі Бертай Кәрібаевтың анасы Мұңлық – кіші жүз Шобдар руының қызы. Әкем кезі тірісінде нағашыларымен жиі араласып, балаларын таныстырып кетті. Шүкір, қазір Жаңашевтармен туысқандық сыйластығымыз жалғасып келеді. Жаңадария совхозына жол түсіп бара қалсам, алдымен Ыбаш аға мен Сәрсенқұл жеңешеме, үлкен ұлы Серікбол мен Абат жеңгеме соғып сәлем беретінмін. Аққолқа елді мекенінде Ыбекеңнің інісі Серікбай ағаның үйімен бір көшеде көрші болдық. Сәкеннің жиені болған соң Бәтеш жеңгем (шын аты Пәтима) әкемнің алдынан кесіп өткен емес. Іліліп сәлем беріп, ерекше ілтипат көрсететін. Тағы бір тәнті болатыным, сол жеңгелерім менің де атымды атамай «қайным» деп құрмет қылатын. Несін жасырайың, Бәтешпен Абат жеңгем көре қалса «Әй ішпей мас, қалайсың?» деп амандық-саулық сұрасатынын ауылдағылар жақсы біледі. Мен оған ешқашан ренжіп, намыстанған емеспін. Сырт көз сынышы, бәлкім жүрісіме, қимыл-көзқарасыма қарап қойған аты шығар. Керісінше атымды айтпай әдеп сақтап, айдар таққан тапқырларына риза болып сырттай сүйсінетінмін. Ата жолын аттамай, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді құрметтеп өткен қайран жеңгелерім-ай!

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп қазақ атамыз тегін айтаған. Әңгіменің орайы келгенде Ыбаш ағаның жанашырлығын, жасаған жақсылығын айта кеткім келеді. Жетпісінші жылдардың бас кезінде отбасылық жағдайыма байланысты өке жолын жалғап, Жаңадария совхозының №3 фермасында қой бақтым. Шопан өмірі жазиралы дархан даламен, тылсым табиғатпен тығыз байланысты ғой. Қызылқұмның жал-жал биік төбелеріне шығып, табиғатқа сүйсіне қа-

райым. Қиядан кезге ұрып, өткен күндердің куәсі болған сидам-сидам сексеуілдермен сырласамын. Кітап оқып, ой қарытамын. Туған жер табиғатының әсері болар, ойымды өлеңмен ернектік бастадым. Тырнақалды өлеңдерім, шопан өмірінен жазылған мақалаларым аудандық газет бетінде жарияланды. Сол шығармашылық өнерімнің арқасында коп ұзамай «Тілші шопан, ақын-шопан» атандым.

Бір күні жұмыс барысымен Жаңадария совхозына барып, Ыбекеңе сәлем берудің сәті түсті. Ол кісі

үйінде көңілді отыр екен. Амандасқан соң әдеттегідей «өй әкеңнің, аман-есен шапқылап жүрсің бе?» деп жарасымды әзіліне басты. Әкем жиені болған соң мені еркелетіп, «Әкеңнің» дегені «айналайыны» болуы керек. Мен де оған үйреніп, жанашыр ағаның әрбір сөзін ризашылық сезіммен қабылдаймын. Сосын алдындағы аудандық газеттерде менің жуырда шыққан өлеңдеріме қарап отырып: – Талабың жақсы екен. Сенен бірдеңе шығады. Оқуға барып, жоғары білім алуың керек, – деп ақыл-кеңесін айтты.

Сонымен алты жыл қой бағып, еңбек еттім. Екі жыл Кеңес армиясы қатарында қызмет етіп, азаматтық борышымды атқардым. Келесі арманым оқуға түсіп, мамандық алу еді. Арманым орындалды. 1979 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөліміне оқуға түсіп, университеттің жатақханасына орналастым.

Студент болған соң киім-кешек, тамаққа ақша керек. Шәкіртақы берілмейді, сол кезде да йындық бөліміне бірге түскен қыз-жігіттер ауылдарына барып, совхоздан жолдама әкеліп тапсырып жатты. Сұрастырып білгенім, мекеме-кәсіпорың совхоздың атынан жолдама әкеліп өткізген студентке ай сайын шәкіртақы төленеді екен. Мен ойланып қалдым, қазір қой бақпаймын. Шопан болмаған соң журналистика мамандығына совхоз жолдама бере ме? Бірақ қол қусырып қарап отырмай қарекет ету керек. «Тауекел түбі – жел қайық, өтесің де кетесің» демекші, бір күні ұшақпен ұшып, сол кездегі совхоз директорына келдім. Мен-жайды түсіндіріп, жағдайымды айта бастап едім, директор: – Жоқ, сен келешек мал шаруашылығы маманы емессің, маған журналист керек емес, – деп жауабын кесіп айтты.

Амал жоқ, басым салбырап директордың кабинетінен көңілсіз шықтым. Директордың да айтқаны жөн шығар, бәлкім ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын оқу арқылы

түсуім керек пе еді. Бірақ адам баласы екі нәрседен жар таңдау мән мамандық таңдаудан жаңылмау керек. Менің қалауым, сүйікті мамандығым – журналистика. Санамды сан сауал мазалап, терең ой құшағында ағаның үйіне жетіп қалғанымды байқамаппын.

Не болды, еңсең түсіп кетіпті ғой, аманшылық па? – деп Ыбекең сұрап жатыр.

Мен Алматыдан келген шаруамды, директордың берген жауабын айтып, бастан-аяқ баяндап бердім.

Ол кісі сөз қабағын шытып: – Ой әкеңнің, нең бар еді директорға кіріп, одан маған келмейсің бе, – деді. Екеуара әңгіме осымен аяқталды.

Мен аң-таңмын. Түстен кейін совхоз директоры мен бас бухгалтер қол қойып, мөр басылған Қазақ мемлекеттік университетінің атына жазылған жолдама менің қолымда тұрды. Қуанышымда шек жоқ, көп ұзамай «Қызылорда-Алматы» бағытына ұша-тын ұшаққа отырып, көтеріңкі көңіл-күймен кекке көтерілдім. Сөйтіп Жаңадария совхозының бас бухгалтері Жаңашев Ыбаштың арқасында үш жыл шәкіртақы алып игілігін көрдім, оқуымды жалғастырдым. Қалаған мамандығым бойынша киелі қаламды серік етіп, журналистика саласына қадам бастым. Қырық жылға жуық осы салада қызмет еттім.

Ыбаш ағанын жүрегінің кеңдігі соншалық барлық туған-туысына, бауырларына қамқор, демеуші болды. Үлкенді сыйлап, ілтипат білдіріп, жастарға ақыл-кеңесін айтып, үнемі қолдап жүретін. Ағалық ақылын айтып, қолынатн келгенше көмегін аямайтын өзіне тән мінезі бар, адал жүректі абзал азамат еді. Ол кісінің өмірі мен қызметі – кейінгі ұрпаққа өнеге. 1925 жылы 20 наурызда Аламесек ауылында дүниеге келген оның балдәурен жастық шағы қазақ елінің басына төнген нәубат ашаршылық, одан кейін Ұлы Отан соғысы жылдарының ауырталлығымен тұспа-тұс келді. Әкесі Жаңаш ашаршылық кезінде аштықпен бірге кенедей жабысқан кеселдің кесірінен дүниеден озды. Соғыс кезінде інісі Серікбай екеуі колхоздың жұмысына араласып, ауыл адамдарымен, балалармен бірге тылда еңбек етті. Осы уақытта мектептер жабылып қалды. 1935-1943 жылдары Ақарық орта мектебін бітіріп, бұрынғы Шымбегет сельхозында дүкенші, одан кейін Аламесек ауылдық кеңесінде хатшы болып жұмыс істеді. 1955 жылдан бастап Ақарық колхозындағы Қазақстанның 40 жылдығы атындағы орта мектепте сырттай оқып, 10 жыл білім алды. 1964 жылдан бастап КПСС мүшесі, Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумында оқып, бухгалтерлік мамандық алып шықты.

Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде қой санын 50 миллионға жеткізу міндетін орындау мақсатында 1964 жылы КПСС Орталық Комитетімен Министрлер кеңесінің «Шөл және шөлейт» жерлерді игеру туралы» қаулысымен Қызылорда облысында Жаңадария,

Аққыр, Іңкәрдария, Қуандария, Жаңақала, Қызылқұм совхоздары құрылды. Солардың бірі Жаңадарияның оңтүстік жағында Қызылқұм өтегіндегі «Мүлкілен өуліе» деп аталатын жердің батысында орналасқан Жаңадария совхозының алғашқы ұйымдастыру жұмыстары басталып кетті. Әрине, өз алдына өңш алып, ел болу оңай шаруа емес. Шалғайда орналасқан жас совхоздың жұмысын жүргізетін білікті мамандар мен мал шаруашылығына шопан кадрларды тарту жұмыстары жүріп жатты. Міне, сол жылдары Ақарық колхозының бас бухгалтері Ыбаш Жаңашев Жаңадария совхозының бас бухгалтерлік қызметіне шақырылады.

Жаңадан құрылған совхозға партияның шақыруымен келген жоғары білімді маман өз міндетін мүлтіксіз орындап, өндірістік жоспарға сай бөлінген қаржының өз мақсатына жұмсалуын қадағалады. Совхоз бен фермадағы есепші-бухгалтерлердің өсебін тындап, мемлекет тарапынан бөлінген қыруар қаржының игерілуіне бақылау жасап отырды. Жыл өткен сайын совхоздың шаруашылығы мен экономикасы өсіп, еңбекшілердің әлеуметтік жағдайы жақсара бастады. Совхоз бойынша жол салу, мал басын аман сақтау, ет, жүн, қаракөл ітірісін өткізу жөніндегі міндеттемелер асыра орындалды. Жаңадария совхозы бірнеше бесжылдықтың қорытындысымен жеңімпаз болып, ауданның ауыспалы «Қызыл Туын» жеңіп алды. Әрине, бұл табысқа совхоздың барлық маманы мен еңбеккері үлес қосты.

Бас бухгалтер қызметін 30 жыл үздіксіз атқарған Ыбекең 1985 жылы зейнеткерлікке шыққан соң біраз жыл диспетчер болып жұмыс істеді. Шүкір, абайорсыз емес, қаржы саласындағы қалтқысыз қызметі үшін облыс, аудан басшылығынан алған алғыс хаттары жетіп артылады. Өмірлік жұбайы Сәрсенқұл Жеңсібайқызы құрылыс саласында, кейін сауын фермасында сауынышы болып жұмыс істеді. Жолдасы екеуі 10 баланы дүниеге әкеліп, тәлім-тәрбие беріп, ұлын уяға, қызын қияға қондырған батыр ананың да өір жолы – ескелөң ұрпаққа өнеге.

Қос бәйтеректен тәлім алған ұл-қыздары да елдің өртеніңе еңбек етті. Үлкені Серікбол сауда саласында, Қызжібегі кітапханада, Еркін-болы партия кеңесінде, кәсіподақ ұйымдарында, Ерболы орман шаруашылығында, Нұрпаны құмат сапасында, Нұрсұл, Нұрпұлла, Батырхан, Қайраты кәсіпкерлік саласында өзінің қолтаңбасын қалдырды. Ал Элеңорасы білім саласында қызмет етті. Асылық айтып қайтөміз, осы ұл-қыздарынан тараған ұлағаты ұрпақтары, немере-шөберелеріде алдыңғы буын салған сара жолды жалғап, елдің өртеніңе еңбек етуде. Ұрпақ сабақтастығы деген осы шығар, сіре.

Серік БЕРТАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Кеңес

Заң мен тәртіп – әділдік кепілі

Аймаққа арнайы жұмыс сапарымен келген милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков пен полиция полковнигі Алмас Амзеев Жалағаш ауданында болды. Аудандық полиция бөлімінде сала ардагерлері және полиция қызметкерлерімен кездескен делегация қызмет барысына қатысты бірқатар мәселені талқылады.

Ең алдымен жаңадан тағайындалған Қызылорда облыстық ішкі істер органдары және ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы, облыстық полиция департаменті бастығының кеңесшісі таныстырылды. Бұл қызметке доғарыстағы полиция полковнигі Шаймағамбетов Өмірбек Бердібекұлы тағайындалған. Саналы ғұмырын ішкі істер саласына арнап, ел тыныштығын уақытпен санаспай күзеткен жерлесіміз алдағы уақытта да бұл салаға еңбек ете бермек.

Кездесуде «Заң және Тәртіп» қағидатын ұстану қоғамның идеологиялық және саяси нұсқаулығына айналуы керектігі айтылды. Расында Президент «Әділетті Қазақстан – заң мен тәртіп үстемдік қүратын ел» деді. Бұл – жаңа қоғамдық келісімнің іргетасында тұрған маңызды постулат. Барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігінің конституциялық қағидаты сақталмаған жерде әділетті мемлекет құру мүмкін емес. Сондықтан жас полиция қызметкерлерге Президент Жолдауы жан-жақты түсіндіріліп, «Заң және Тәртіп» қағидатын ұстану барлық мәселенің шешімі екені тілге тиек етілді.

Адамзаттың тарихи дамуының әр кезеңінде заң мен әділеттіліктің байланысы туралы сұраққа өз жауабы болды. Бірақ барлық өлдер мен мәдениетке тән бір жалпы түсінік бар. Заң – мемлекет пен қоғам өміріндегі әділеттіліктің көрінісі. Занды сақтау – әділеттіліктің негізі. Сонымен бірге әділетті қоғамда заң – теңдік пен тәртіптің көпілі. Құқықтық мемлекеттегі әділеттілік заңмен реттелген барлық әлеуметтік қатынастардың ортақ белгісі болады. Бұл ретте заңның сақталуы жауапкершілікті қабылдауды да білдіреді.

Қоғамдағы қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында құқық қорғау органдары, әсіресе полиция маңызды рөл атқарады. Полиция қызметкерлерінің жұмысы қоғамда құқықтық мәдениет пен тәртіпті нығайту, қылмыспен күрес және азаматтармен ашық байланыс орнатуда аса маңызға ие. Бұл жұмыс ең алдымен, полицияның имиджін қалыптастыруға, халық арасында сенімділік орнатуға бағытталған.

Құқық қорғау қызметкерлері қоғаммен тығыз қарым-қатынас орнату, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу және полицияның қоғамдағы имиджін қалыптастыру керек. Осы мақсатта Жалағашта жүйелі жұмыс бар, көшегі меймандар да осы мақсаттағы аудандық полиция бөлімінің жұмысына жоғары баға берді. Аудандық полиция бөлімінің нәтижелі жұмысының арқасында Жалағашта халықтың полицияға деген сенімі артқан. Құқық қорғау органдарының көсібі деңгейінің арқасында қоғамдық тәртіп сақталуда.

Негізінен қылмыстың алдын алудың профилактикалық шаралар тиімді тегіті десе де болады. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ауданда көптеген шара ұйымдастырылуда. Бұл шаралар аясында мектептерде, агроколледжде және қоғамда құқықтық оқулар мен тренингтер өткізу, сондай-ақ азаматтар мен жастарға құқықтық білім беру бағдарламалары маңызды орын алады. Әсіресе жастарға құқықтық тәрбие беруге бағытталған арнайы жобалар жүзеге асырылуда. Олардың арасында көшпелі дерістер, құқық қорғау қызметкерлерінің қатысуымен өтетін кездесулер, анонимді сауалнамалар мен пікірталастар өткізу арқылы жастардың құқықтық мәдениетін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл шараларда өз кезегінде қылмыстың алдын алуға жол ашады. Себебі мұндай басқосуларда жастардың бірінші кезекте құқықтық сауаты артады. Сондай-ақ оларға мемлекетті нығайтудағы қоғамдық тәртіптің рөлі жан-жақты түсіндіріледі. Жыл басынан бері оқушылармен студенттермен ауданда дәл осындай форматта 60-70 рет кездесу өткізіліп, бағыт-бағдар берілген.

Бұл жиындарда оларға құқықтық



кеңес беруден бөлек ішкі істер саласының жұмысы насихатталды. Жастар арасында салада қызмет етуге қызығушылық анық байқалады. Мәселен, былтыр олардың өз өтініштерімен ҚР Ішкі істер министрлігінің Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша құқық қорғау қызметі мамандығы аясында оқуға Жалағаш ауданынан 26 оқушы ынта білдірді. Оның 12-сінің жеке істері жасақталып, Қызылорда облысының Полиция департаменті кадр жұмысы басқармасына жолданған. Оның 9-ы бүгінгі таңда министрліктің аталған бағдарламасы аясында білім алуда. Ал биыл дәл осы мақсатта білім алуға 12 оқушы өтініш білдіріп отыр. Жастар арасында ішкі істер саласында қызмет етуге мұндай қызығушылықтың артуына бірінші кезекте үгіт-насихат жұмыстарының оң әсері тисе, келесі кезекте жергілікті полициялердің адал қызмет етіп, оларға үлгі болуы басты себеп.

Жалпы Жалағаш ауданында ішкі істер саласының жүйелі жұмысы кеңінен насихатталуда. Тағы бір негізгі жоба былтыр ауданға қарасты Есөт батыр ауылынан ішкі істер саласында адал еңбек етіп, қызмет бабында қаза тапқан полицей Кеңесбек Әбішов атындағы «Жас сақшы» кадет сыныбы ашылған болатын. Бұл аймақтағы орта білім беретін оқу орындары арасында ең алғаш ашылған кадет сыныбы екенін айта кеткен жөн. Мұнда оқушылар 9 сыныптан бастап қабылданады.

Аталған кадет сыныбында апта сайын оқушыларға деріс оқылып, оларға құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында жан-жақты түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Мұнда теориялық біліммен қатар практикалық оқу-жаттығу жұмыстары да жүргізіледі. Мәселен, оқушылар қаруды шашып-жинап, салтық жиындарға қатысады. Қазіргі таңда «Жас сақшы» кадет сыныбында 15 оқушы бар. Бұл жоба да өз кезегінде ерлікті дәріптеп, жастарға патриоттық бағыт-бағдар беруде, олардан анттына адал азамат қалыптастыруда ерекше маңызға ие.

Полиция қызметкерлерінің халықпен байланысы өте маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстар халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттырып, полиция қызметін тиімді етеді. Полицияның халықпен байланысы дұрыс ұйымдастырылса, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың саны азаяды, ал қоғамда тыныштық пен тәртіп орнайды. Тіпті көз көлген қылмыстың алдын алуға болады. Көшегі меймандардың сөзінен түйгеніміз де осы болды. Әлеуметтік желілер мен басқа да ақпараттық платформаларды пайдалану арқылы полиция қызметінің оң имиджін қалыптастыру мақсатында ауданда нәтижелі жұмыс бар. Атап айтқанда, жыл басынан бері қылмыстың алдын алуда, қарапайым халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында әлеуметтік желілер мен жергілікті «Жалағаш жаршысы» газетінде 70-ке жуық мақала жарияланған. Мұнан бөлек кент және ауылдық елді мекендерде тұрғындармен кездесу ұдайы ұйымдастырылып тұрады. Бұл жиындарда халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізумен қатар олардың талап-тілегіне ден қойып, елді мекендерде қылмыстың алдын алуға нақты әрі нәтижелі жұмыс жасалуда.

Қазіргі таңда әлеуметтік желі халық арасында кең қолданыста десе де болады. Сондықтан жергілікті учаскелік полиция инспекторларының барлығы әлеуметтік желіге тіркелген. Онда тәртіп сақшыларының мекен-жайы, байланыс нөмірі орналастырылған. Мұның бәрі елмен тығыз байланыс орнатып, жүйелі жұмыс жасауға негізделген. Сондай-ақ полиция қызметкерлері әлеуметтік желі арқылы ел ішінде түсіндірме жұмыстарын жүргізумен қатар бірқатар сауалдың түйінін тарқатуда. Көшегі жында осы бағыттағы жұмыстар жоғары бағаланды.

Аудандық полиция бөлімінің бастығы, оның орынбасарлары, учаскелік полиция инспекторлары күн сайын халыққа жеке қабылдау жүргізіп, талап-тілегіне құлақ түріп, ел ішіндегі туындаған мәселелердің түйінін тарқатуда. Бұл жұмыстар да бірінші кезекте қылмыстың алдын алуда ерекше маңызға ие болып отыр. Сондай-ақ әлеуметтік желіде де тікелей эфирге шығып, халықтың сұрақтарына жауап беріп, түсіндірме жұмыстары жүргізуде. Басқосуда милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков полиция қызметкерлерін Отанға адал қызмет атқаруға, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен қылмысқа қарсы күресте табанды болуға шақырды. Жас қызметкерлерді аға буынның тәжірибесін ала отырып, Мемлекет басшысының «Заң және Тәртіп» қағидатын бірге жүзеге асыруға шақырды.

Ие, құқық бұзушылықтардың алдын алу және онымен күресу, құқық бұзушылықты анықтау, тексеру – полиция қызметкерлерінің басты міндеті. Оны жүзеге асыруда да профилактикалық шаралар маңызды рөл атқарады. Негізінен профилактикалық қызметтерді жүргізуде тек полиция қызметкерлері емес, басқа да сала қызметкерлерін тарту маңызды. Мәселен, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алуда ауданда күн сайын рейдтік шаралар ұйымдастырылуда. Оған жергілікті полициялерден бөлек білім саласы қызметкерлері, жастар ресурстық орталығының жастары және басқа да сала қызметкерлері жұмылдырылады. Мұның бәрі полициядағы атқарылған идеологиялық жұмыстардың нәтижелі жүзеге асып жатқанын аңғартады.

Кездесуде полиция қызметкерлерінің көсібі деңгейін арттырудың маңыздылығы да айтылды. Бұл бағытта ішкі тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылып, полиция қызметкерлерінің құқық қорғау қызметіндегі рөлін нығайту қажеттігі атап өтілді. Құқық қорғаушылардың моральдық қасиеттерін жақсарту, олардың халыққа деген қызметін жетілдіру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Сонымен қатар полиция қызметкерлеріне кәсіби этиканың негіздері, стресс жағдайында жұмыс істеу әдістері және адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға қатысты оқу бағдарламалары енгізіледі. Әсіресе жұмысқа жаңадан қабылданған жас полицейлерге тәлімгерлер бекітіліп, бөлім қызметін жетілдіруге нәтижелі жұмыс жасалатын. Мұның бәрі қызметкерлердің кәсіби және моральдық-адамгершілік дамуына жәрдемдесу, халық арасында полиция қызметіне оң пікір қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бір жағынан қызметкерлердің

бойында отансүйгіштікті, моральдық-психологиялық тұрақтылықты қалыптастырып, заң мен тәртіпті қатаң сақтауға үлкен сеп болуда.

Ауданда қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күресу тиімділігі артты. Жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастырудың нәтижесінде құқық бұзушылықтардың саны төмендеді. Аудандық полиция бөлімі ардагерлер кеңесімен де бірігіп, бір-қатар жұмыс атқарып келеді. Жыл басынан бері идеологиялық жұмыстарды жақсарту мақсатында ұзақ жылдар бойы салада абыройлы еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан ішкі істер органдарының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары мен студенттерге ашық есік күнін ұйымдастырып, ішкі істер саласы қызметін дәріптеп, Отанға қызмет етуге дайын жастардың қатарын көбейтуге бағытталған іс-шаралар өткізілуде. Аталған іс-шараға 100-ден астам оқушы мен студент қатысқан.

Кездесу соңында табиғатты қорғау мен көгалдандыру мақсатында ағаш отырғызу шарасы ұйымдастырылды. Бұл игі іс «Тал ексең, болашаққа үміт екісің, жерге жан бітіріп, өмір тепкенің» деген тағылымды ұғыммен аастаы.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, ҚР алғашқы мемлекеттік хатшысы, ҚР Еңбек Ері Әбіш Кекілбайдың «Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз киеміз» деген қанатты сөзі бүгінде ұлтымыздың гасырлар бойы аңсаған еркіндік пен егемендігінің, жеріміздің тұтастығын, мемлекеттік шекарамыздың айқындалуы мен беріктігін, тіліміз, дініміз, салт-дәстүріміздің, мәдениет пен ұлттық өнердің, руханияттың, ішкі және сыртқы саясаттағы, экономикалық қатынастарда өзіндік дербестігін айқындайтын, шын мәнінде егемен елге айналуымыздың мақсат тұтқан ұстанымдардан, мемлекеттік мүддене туған болуы керек. Тәуелсіздік – тәтті сөз, ұғым емес, егемен ел боламын деген бөбелер арманын іске асыруда қанша жыл ішкі істер органдарының аға буын өкілі Ел Тәуелсіздігінің тәй-тәй басқан сонау 90 жылдары өлімізде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен қылмысқа қарсы күресте қаншама қиындыққа қарамай өздерінің қызметтік міндеті мен антына адалдық танытып, Тәуелсіздіктің тұғырын баянды етуге өлшеусіз үлес қосты. Қызылорда облыстық ішкі істер органдары және Ұлттық Ұлан Ардагерлері ұйымы да барлық қалалық, аудандық полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып, өңір тұрғындарының қауіпсіз де жайлы өмір сүруіне, жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыстық әрекеттер мен құқық бұзушылыққа жол бермеуге бағытталған есірткі қылмысына қарсы күресті жандандыруға қоғамның назарын аударуға, жастарымыздың салауатты өмір салтын ұстануына, отансүйгіштікке, елжанды азамат болып қалыптасуына күш-жігерін жұмсайды, – деді Өмірбек Шаймағамбетов.

Делегация Жалағаш аудандық полиция бөлімінде «Кітапхана – білімнің алтын ордасы» қағидасын негізге ала отырып, жеке құрамға арналған кітапхананың ашылу салтанатына қатысты. Сапар Ұлттық Ұлан сарбаздарымен кездесумен қорытындыланды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мәселе



Фото: ашық дереккөз

Жол апаты азаймай тұр

Менке бидің «темірден болар ажалың»

деген болжамы «Қоғамда жиі болып жатқан жол-көлік оқиғаларына қатысты ма?» деп те ойлайсың? Шыны керек, елде жол апаты азаймай тұр. Жылдамдықты асыру, жолдағы жауапсыздық жантүршігерлік жол апатының басты себебіне айналды. Қайғылы статистика жауапты мамандармен қатар қарапайым халықты да алаңдатып отыр. Нақтырақ айтсақ, былтыр елде 23 мыңнан аса жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Сәтсіз сапарда 36 250 адам жарақат алған. Тағы 2 345 жолаушының өмірі жолда қиылған.

Осы орайда аймақта облыс көлемінде жол апатының алдын алу мақсатында «Борышкер» жедел профилактикалық шарасы өтті. Іс-шараға 143 қызметкер жұмылдырылып, 3 782 әкімшілік іске қатысқан. Жалпы 54 827 388 теңге айыппұл өндірілген. Облыстық ПД Әкімшілік полиция басқармасының мәліметінше, 3 782 әкімшілік істің 1 745-і арнайы техникалық құрылғылармен анықталған. Қала-аудандық полиция бөліністерімен салынған әкімшілік айыппұлдарын төлеуден жалтарып жүрген 72 автокөлік айып алаңына қойылды. Сондай-ақ жеке сот орындаушылар палатасына мәжбүрлеп өндірту үшін жолданған әкімшілік қаулылар бойынша салынған 983 мың теңге көлеміндегі айыппұлдар мемлекеттің пайдасына өндірілген. «Борышкер» іс-шарасы бойынша патрульдік полиция батальоны, департаменттің әкімшілік полиция басқармасының қызметкерлері және аумақтық жеке сот орындаушылармен бірлесе мобильді топ құрылды.

Жасаратыны жоқ, бесіктен бөлі шыққан бала да бір-бір мопедті тізгіндеп, жол апатын жиі жасауда. Жауу жүргізушілер, тіпті көлік жүргізушілер де мопед тізгініндегендердің жол жүру ережесін сақтамайтынын айтып, дабыл қағуда. Осы орайда елде 5 сәуірде заңнамалық өзгерістер күшіне еніп, мопедтер механикалық көлік құралдарына теңестірілетін болды. Яғни мопедтерді пайдалану тек полицияда тіркеуден өткен, А1, А және В санатындағы жүргізуші куәлігі, техникалық тексеруден өткен, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Заң бойынша 5 сәуірден кейін тіркелмеген мопедті басқаруға тыйым салынды.

ҚР ІІМ «2025 жылды профилактика жылы» деп белгілеген. Осыған сәйкес профилактика жылы аясында Жалағаш ауданы көлемінде «Мотокөлік» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті. Іс-шара аясында аудан аумағында тіркелмеген мотоциклтерге және мопед көлік құралдарына қатысты қарқынды тексеру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде мемлекеттік тіркеуден өтпеген 8 мотоцикл айып тұрағына жеткізілді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларының алдын мақсатында бүгінде ауданда, яғни кент және ауылдық округтерде бейнебақылау камералары жұмыс істеп тұр. Жалпы кентте қазіргі уақытта 71 көшеде 1205 жол белгісі орнатылған. Жол белгілерін күтіп ұстау, тозағанын жаңалау, бағаналарын сырлау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Ал жол жүрісін реттеу үшін 4 көше қиылысына бағдаршам орнатылған. Мұнан бөлек Жалағаш аудандық полиция бөлімінде жедел басқару орталығы өз жұмысын бастады.

Ауданда 1400 бейнебақылау камерасы, 19 интеллектуалды қиылыс пен 58 жылдамдық өлшегіш орнатылып, жедел басқару орталығы қайта жаңғыртылуда. Сондай-ақ аудан орталығына қосымша 77 бейнебақылау және 7 жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерін автоматты түрде анықтайтын жылдамдық өлшеу камерасы орнатылды.

Айдана НАЗАРБЕКОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚҰ-дың 4-курс студенті



Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 87242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №639

Кезекші редактор: Ерлан СОЗАКБАЕВ